

«БЕКІТЕМІН»

«Жетісу облысы білім басқармасының
Текелі қаласы бойынша білім бөлімі» ММ
«№2 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
меңгеруші Е.Жаксыбекова
«29» 08 2024ж.



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 -2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс- әрекеттің перспективалық жоспары
«Ботақан» мектепалды тобы**

Қазақ тілі пәні мұғалімі Мамырбекова Марфуга Кыдырқожаевна

Білім беру ұйымы: «Жетісу облысы білім басқармасының Текелі қаласы бойынша білім бөлімі» ММ

«№2 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Балалардың жасы: 5 жас

Ұйымдастырылған іс-әрекет: қазақ тілі

№	Мерзімі	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Қыркүйек	<p>Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен жабдықталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге ынталандыру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, ү дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>Сөздік қор. Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын білдіретін сөздермен толықтыру. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.</p>

2	Қазан	<p>Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен жабдықталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p>Сөздік қор. Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп) сөздермен толықтыру. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға баулу.</p>
3	Қараша	<p>Тілдік дамытушы орта. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста қажетті құрал жабдықтары туралы суреттер, фотолармен жабдықталған орта құру. Балалардың ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>Сөздік қор. Қазақ халқының азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) білдіретін сөздермен толықтыру.</p>

		<p>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді жетілдіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.</p>
4	Желтоқсан	<p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Қазақ халқының аң аулауда қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.</p> <p>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Қазақ халқының аңшылық кәсібіне (аң, аңшы, орманшы, қорықшы) байланысты сөздермен толықтыру.</p> <p>Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырата білуге дағдыландыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға дағдыландыру.</p>
5	Қаңтар	<p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p>

		<p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.</p> <p>Сөздік қор. Қазақ халқының мал өсіруіне байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға) сөздермен толықтыру. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөз тіркесін қолдана отырып сөйлем құру дағдыларын арттыру, сөйлемнің түрлерін ажырата білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге дағдыландыру.</p>
6	Ақпан	<p>Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық аппарат мүшелерін дамыту.</p> <p>Сөздік қор. Туыстық қарым-қатынасты ("бауыр", "немере", "шөбере", "ағайын", "туысқан", "жеті ата") білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер (наурыз) туралы айтуға баулу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу (мамыр). Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>

7	Наурыз	<p>Тілдік дамытушы орта. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөздегі дыбыстардың орнын анықтай білуге үйрету (басы, ортасы, соңы).</p> <p>Сөздік қор. Туыстық қарым-қатынасты ("бауыр", "немере", "шөбере", "ағайын", "туысқан", "жеті ата") білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Кез келген зат есімді тәуелдеп беруге мүмкіндік беру. Ауызекі сөйлеу барысында қолдана білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға мүмкіндік беру.</p>
8	Сәуір	<p>Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануына қолдау көрсету.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстарды дұрыс айтқызуға фонематикалық естуды, яғни дыбыстарды ажырату, сөйлеу кезіндегі тыныс алу, сөйлеу қарқынын жетілдіру.</p> <p>Сөздік қор. Қазақ халқының егіншілік кәсібіне байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.</p>

		<p>Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.</p>
9	Мамыр	<p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Ауызекі сөйлеу барысында көркем сөздерді қолдануға ынталандыру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Сөздерді септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді ажыратып, сөйлегенде қолдана білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.</p>

